

# SHAKARIM SHANYRAĞY



АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ - 2022»

2022 жыл №5 (141) мамыр

## ҚАДІРЛІ ФОРУМ ҚОНАҚТАРЫ! ҚҰРМЕТТІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ!



«Шыңғыстау тауларының флорасы мен фаунасы», «Шәкәрім заманындағы этнокиім үлгілері» көрмесі біздің ғалымдар мен студенттеріміздің еңбектерінің нәтижесі.

Меценаттардың көмегімен бірнеше мамандандырылған кабинеттер мен студия, «Үш анық» конференц-залын ашу жоспарланған.

Кәсіби бағдар беру, әсіресе ауыл мектептерімен байланысты нығайту мақсатымен форум Шәкәрім университетінің Абай ауданындағы күндерімен жалғаспақ.

Абайдың, Шәкәрім мен Мұхтар Әуезовтің шығармалары арқылы сомдалған қазақ әдеби тілі Семей топырағында өркендегені белгілі. Сондықтан да ұлттық рухқа қатысты дүниелердің Шәкәрім шаңырағында насихатталуы заңды нәрсе. Атап айтар болсақ,

1. Бүгінде университет мамандықтарында «**Абай әлемі**» пәні оқытылуда. Абай әлемі арқылы қазақ дүниетанымымен қаруланған болашақ жас маман қай мемлекетке барса да, қанша тілді білсе де, қандай маман иесі болса да қазақи менталитетін жоғалтпайды. Ал жастар ол алған білімді өмірде кәдеге жарата білсе, мақсатымыздың орындалғаны деп бағалар едік. Біз тек білікті маман ғана емес, адами қасиеттерді бойына жиған тұлға қалыптастыруды мақсұт етеміз.

2. Қазіргі қазақ қоғамы алдындағы маңызды мәселе – Шәкәрім айтқан «**Ар білімін**» оқыту. Данышпан Шәкәрімнің: «Адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек» деген тұжырымын білім беру ісінде енгізуді қолға алу керек. Ар ілімін игеру ұлттық болмысымызды сақтап қалудың бірден бір жолы деп білеміз.

4. Ғалым, шәкәрімтанушы Тұрсын Шаңбайдың идеясымен «**Шәкәрімтану мәселелерінің**» 6 томы жарық көрді. Бұл еңбек – Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын жүйелі-кешенді зерттеулер жиынтығы. Сондықтан да сериялы жинақ ретінде жалғастыруды қолға алдық. «Шәкәрімтану мәселелерінің» 7-томы құрастырылды. Бұл бізге шәкәрімтанудың жаңа парақтарын ашуға мүмкіндік береді.

5. Университет ғалымдарының үздік деп танылған еңбектерін «**Шәкәрім**

кітапханасы» сериясымен шығаруды қолға алдық.

6. Заман талабына сай цифрлық технологияның мүмкіндіктерін пайдалана отырып **Шәкәрім шығармашылығына арналған сайтты** іске қостық. Шәкәрімнің шығармашылық мұрасын бір жерге жинақтап, еш кедергісіз бір ғана қосымшадан оқу мүмкіндігі туды. Бұл өз кезегінде Шәкәрім мұрасын насихаттауға, сол арқылы әрбір оқырманға оның дана сөзін өмірдегі сенімді серігіне айналдыруға бағыт болары анық.

7. «**Шәкәрім тілінің сөздігін**» құрастыруды қолға алдық. Бұл Шәкәрім дананың келер мерейтойларына теңдессіз тарту таралғы болар еді. Сонымен қатар, заманға сай ыңғайланған, оқырман сұранысын қанағаттандыратын «**Абай даналығы**» иллюстративті кітабын жарыққа шығарамыз.

8. Шәкәрім әлемі – әлі толықанды зерттеліп, қалың оқырман жаппай түсініп болмаған ерекше бір әлем. Өйткені Шәкәрім – бір әдебиеттің төңірегіне бірнеше ғылымның басын тоғыстырған күрделі тұлға. Ақынның «Үш анығы» әдебиет пен философияның тоғысқан жері болса, шежіре еңбегі әдебиет пен тарихтың, ал «Мұсылмандық кітабы» әдебиет пен теологияның түйіскен жері. Сондықтан да Шәкәрім университетінде дәстүрлі түрде мамыр айында «**Шәкәрім оқулары**» ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілетін болады. Бұл шәкәрімтанудың ашылмай жатқан қырларын бағамдауға септігін тигізеді деген ойдамын. Сол себепті әдебиетшілер мен тарихшыларды, философтар мен өнер зерттеушілерін, педагогтар мен өзге де маман иелерін осы істе бір кісідей жұмылуға шақырамын.

Қадірлі қауым, «Арлы ақыл, ақ жүрек, адал еңбекті» серік еткен ақылы дария, парасаты кең, елман, азапты жеңе білген, азаттықты аңсаған Шәкәрім бабамыздың шығармашылығын бүгінгі күннің биігінен қарап талдап, бағалау – әрбір зерттеушіге, өнер иесіне де тән ортақ міндет.

*Құрметті қонақтар, қадірлі әріптестер!*

*Абай елінде ұйымдастырылып отырған шараның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Рухани бастамаларға тың серпін береді деп сенемін. Форум жұмысына сәттілік тілеймін!*

**Құрметпен,  
Басқарма төрағасы - Ректор  
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ**

Бүгін қара шаңырақ Шәкәрім университетінде «SHAKARIM FORUM: жоғары білімдегі жаңа көкжиектер» тақырыбында ұйымдастырылған ауқымды іс-шаралар тізбегі өз жұмысын бастады. Бұл – тек әдебиеттанушы, тарихшыларды ғана емес, әртүрлі сала мамандарының басын біріктіретін, өзекті мәселелерін талқылайтын, болашағын бағдарлайтын бас қосу болмақ. Бұл бастаманы күні кеше құрылған Абай облысының өркендеуіне, қуатты өңірге айналуына ықпалын тигізер игі шара деп есептеймін.

Форум аясында «Шәкәрім-Агро» ауылшаруашылық өнімдерінің көрмесі, «Шәкәрім-Арт» қолөнер және дизайн байқауы, «Шығыс жыры» аймақтық жыр мүшәйрасы, «Шәкәрім шырайы» гүл егу акциясы, «Шәкәрім шығармаларын оқыту: ізденіс және тәжірибе» тәжірибе алаңы, «Ойшылдар елі» экологиялық экскурсы, Шәкәрім жоғары колледжі студенттері арасында «Шәкәрімнің үш анығын білесіз бе?» квесті т.б. іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, өздеріңіз тамашалайтын SHAKARIM-PARK 3D модельде, 3D модельдегі Шәкәрім бейнесі,




# ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ СУРЕТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде ерекше із қалдырған тұлғаның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ол Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы һәм ойшыл тарихшы, абыз ақын. Шәкәрім атамыздың бізге белгілі, көпшілікке таныс үш суреті бар. Осы фотосуреттер төңірегіндегі тарихи оқиғаларға қатысты айтар болсақ...

Қажының басында қара түсті тақия, көкірегін жапқан ақшулан сақалы келбетіне көрік беріп тұр. Қаусырмалы қара шапанның сол жақ өңіріндегі түймесі анық көрінеді. Өзірге бұл фотоның екі данасы сақталған. Бірінші данасы – Алматыда орналасқан жазушы Сәбит Мұқановтың мұражай-үйінің қорында сақталса, екіншісі – Шәукен Әбдіғалиұлы деген адамның арқасында жеткен.

Суреттің сыртқы бетінде «фотография К. Н. Могилевцева» деген таңба-эмблема тұр. Төменгі қапталында ірі әріптермен «Семипалатинскъ» деген сөз таңбаланып, оның астында кіші әріптермен «Уголь Областной и Казначейской улицъ. Против Волжско-Камского банка» деп жазылған. Яғни, сурет Семейде К.Могилевцев деген адамның шеберханасында түсірілген. Бұл фотолар бүгінге қалай жетті? Біріншісі сурет жазушы Сәбит Мұқановтың жеке қорында сақталған. Шәкәрім қажы 1931 жылы 3 ақпанда жазушы Мұқановқа «Елсіздегі Саят қорада жазылды» деген тақырып қойып хат жазғанын білеміз. Осы хатпен бірге суретінде қосып жіберуі мүмкін.



Шыңғыс таудың жатаған жота-қырқаларының алдыңғы планында Шәкәрім Құдайбердіұлы тұр. Қажы жалаңбас, бас киімін шешіп қолына ұстаған. Бұл фотоны Семей қалалық мұражай қызметкері Лаура Қадырова 2009 жылы кездейсоқ тауып алған. Фотосының астында орысша «т.№ 37. Хребет Чингиз. Верховья речек. На переднем плане каз. Поэт и писатель Шакерім Қудайбердин» деп жазылған.

Фото Семей қалалық Қазіргі заман тарихы құжатнама орталығында сақталып келген. Бұл фотосурет Қазақ автономиялық социалистік кеңестік республикасы Жер халық комиссариаты Семей губерниялық жер басқармасының 1924-1925 жылдары арнайы ұйымдастырған экспедициясы атқарған жұмыстар жөніндегі қорытынды есептің қосымшасындағы суреттер ішінен шығыпты.

Аталыш экспедиция 1924 жылы құрылған және бастығы Н.П.Смысловский деген адам екен. Экспедицияның міндеті – бұрынғы Шыңғыстау уезіне қарасты Бақанас пен Байқошқар өзендерінің бойын және Шыңғыстаудың күнгей жағын суландыру жұмысын зерттеген көрінеді. Яғни, алда болатын жаппай ұжымдасу ісіне дайындық шараларын қарастырған секілді.

Экспедицияға ақыл-кеңес беретін, орыс тіліне жүйрік, жергілікті адам қажет. Әрине, ол адам Шәкәрім Құдайбердіұлы. Сол себепті де қажы экспедицияны ертіп жүріп, өлкені аралатқан. Жолбасышының ісіне ризашылық танытқан олар Шәкәрімнің жалғыз өзін Шыңғыстаудың керікті бұйра шатқалында фотоға түсірген. Сөйтіп қажының тағы бір бейнесі экспедиция құжаттарымен бірге архивте сақталып, бүгінге жетіп отыр.




т.№ 37. Хребет Чингиз, Верховья речек. На переднем плане каз. поэт и писатель Шакерім Кудайбердин.



Мұражай-үйде сақталған фотоның сыртында екі түрлі жазу бар. Біріншісі – «Любезному брату Тугрулу Ибрагимовичу на добрую память от Шахкарима Худайбердина. 15 февраля 1912 г.» деп кирилл әрпімен жазылса, екіншісі – «Сүйікті бауырым Тұрағұл Ибраһим марқұм ұлына ұмытпас белгі үшін Шахкарим Құдайбердіұлынан. 15 февраль, 1912 жылы» деп араб графикасымен жазылған.

Қолына бүркіт қондырған Шәкәрім Құдайбердіұлының бейнесі. Басында шошақ төбелі елтірі тымақ. Аппақ сақалы кеудесін жапқан. Жасы жетпістің бірі шамасында. Сурет қажының жазғы қонысы Қара бұлақта түсірілген. Суретті түсірген адам – Федор Артурович Фиельструп. Ол 1889 жылы туған. Суретшінің әкесі даниялық та, анасы ағылшын қызы. Петербург университетін бітірген. 1914-15 жылдары Америкаға барып үндіс тайпаларын зерттеген. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1925 жылдан бастап КСРО құрамындағы бұратана халықтардың этникалық одағын зерттеу жұмысына жегілген.

Фиельструп түсірген суреттің анықтамасында: «Казахи. Семипалатинский губ., семипалат у., уроч Кенбулак, Шаптактас. Шакарім кажи со своим беркутом. Фиельструп. 1927 г.» деп жазылған.



мени, новаторство жанров – все это лучшие черты поэзии Шакарима».

Как о самом талантливом ученике великого Абая, основоположнике поэтической школы пишет о Шакариме известный востоковед, доктор филологических наук, профессор У. Кумисбаев в монографии «Глубокие корни». Абай «знал и высоко ценил русскую литературу. Шакарим воспринял традиции Абая, человечность, гуманистичность его поэзии», – приходят к выво-

## СОВРЕМЕННОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ О ШАКАРИМЕ: НОВОЕ ПРОЧТЕНИЕ И ИЗУЧЕНИЕ

Научные исследования отечественных литературоведов последних лет о жизни и творчестве Шакарима Кудайбердиева выполнены в контексте идеи «очищения историко-литературных феноменов от ложных напластований и актуализации высоконаучного подхода к искусству слова». Энциклопедическая образованность, знание арабского, персидского, турецкого и русского языков способствовали тому, что научные труды выдающегося мыслителя XX века, поэта, переводчика Шакарима Кудайбердиева широко известны не только в области литературы, но и истории, философии. Ему были знакомы труды философов Запада – Огюста Конта и Артура Шопенгауэра, чьи философские воззрения становились предметом глубоких размышлений. Он переведил на казахский язык произведения Хафиза, Физули, Гарриет Бичер Стоу, А.С. Пушкина, Л.Н. Толстого...

Творчество Шакарима стало принципиально новым явлением в казахской литературе. По авторитетному мнению член-корреспондента НАН РК Ш.К. Сатпаевой, произведения поэта и прозаика, мыслителя и композитора, одного из лучших представителей казахской литературы XIX и начала XX веков Шакарима Кудайбердиева (1858-1931), «к кому долгие годы предъявлялись необоснованные обвинения, выдержали проверку временем. Влияние его творчества на развитие казахской литературы трудно переоценить. Верность реалистическим традициям Абая, отточность поэтической формы, чуткость к дыханию своего вре-

ду литературоведы Казахстана и Беларуси.

Постоянная тема творчества Шакарима, что проходила красной нитью через все его произведения, – взаимоотношение писателя и общества. Назначение литературы поэт-мыслитель видел в служении интересам общества, совершенствовании человека и улучшении жизни путем воплощения гуманистических идеалов. В 1930 году он написал пророческие строки: «Люди, имеющие разум, совесть, питающие чувство милосердия к братьям своим, не могут жить истребляя, губя друг друга». Познать истину жизни – вот к чему стремился поэт-мыслитель. Мыслью как тончайшим эфиром проникнуто каждое его поэтическое произведение.

Казахское литературоведение, безусловно, «обогатит портрет Шакарима новыми чертами, исследует его творчество с разных сторон, даст достойную оценку его высокохудожественным произведениям, поныне не утратившим своего значения», – завещала Ш.К. Сатпаева, автор монографии о творчестве поэта, последующим поколениям отечественных литературоведов. Его авторская картина мира, поэтика и стиль художественных произведений отражают жизнь, думы и чаяния родного народа, духовные поиски интеллигенции, веру в гуманистические идеалы.

**Светлана АНАНЬЕВА,**  
зав. отделом международных связей и мировой литературы  
Института литературы и искусства им.М.О.Ауэзова



ҚАРА ШАҢЫРАҚ  
ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ  
ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛҒАН  
ЕҢБЕКТЕРІ «ШӘКӘРІМ  
КІТАПХАНАСЫ»  
СЕРИЯСЫМЕН ЖАРЫҚ КӨРЕДІ



ШӘКӘРІМ КІТАПХАНАСЫ



2021 ЖЫЛДАН БАСТАП  
БІЛІМ ОРДАСЫНДА  
ШӘКӘРІМ ГРАНТЫ МЕН  
СТИПЕНДИЯСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



**Елімізде Шәкәрім Құдайбердіұлы атында 8 мектеп бар. Олар:**

- Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия (Семей қ.);
- Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі (Өскемен қ.);
- Шәкәрім атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектеп (Ақтөбе қ., Сазды ауылы);
- №20 Ш. Құдайбердиев атындағы жалпы орта мектебі (ОҚО, Қ.Сәтпаев ауылы);
- Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей (Нұр-Сұлтан қ.);
- Шәкәрім атындағы гимназиясы (Қарағанды қ.);
- Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №190 орта мектебі (Алматы қ.);
- №75 Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп (Алматы қ.).

# МУЗЕЙ ИСТОРИИ ВСЕМИРНОГО ТОЛСТОВСКОГО ДВИЖЕНИЯ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПОВЕДНИКА

Прошло более полутора века с тех пор, как в урочище Жидебай, в живописнейшем месте казахской степи, легендарных горах Чингизтау в юрте старшины Кушик-Тобинской волости Кунанбая, появился на свет мальчик, получивший при рождении имя Ибрагим, что на арабском и тюркском языках означает пророк. Бабушка мальчика, видя и понимая его детский нрав, стала называть его Абай, то есть внимательный, осмтрительный, осторожный. Так в характере будущего великого философа, поэта и родоначальника письменной культуры казахского народа неразрывно слились черты национального пророка и осмтрительного в своих суждениях, внимательного к окружающим людям и миру человека.

С детских лет воспитывавшийся мудрым, деятельным и властолюбивым отцом, ага-султаном Каркаралинского внешнего округа, предназначенный управлять своим соплеменниками, Абай вместо этого избирает для себя путь поэта-философа и нравственного наставника людей степи. Положивший жизнь на мучительные духовные искания, обретение мудрости, познание наук и просвещение соотечественников, Абай Кунанбаев прожил недлинную, в неполные шесть десятилетий жизнь, которая коренным образом изменила судьбу его древнего народа.

Творческое наследие Абая, объединившее в себе то, что русскому и многим другим народам было дано несколькими поколениями их гениальных поэтов, философов и просветителей, по достоинству оценено в родном Казахстане, но недостаточно известно и понято в мировом научном сообществе. Философия гения казахской степи, как и сама душа его родного народа, до сих пор является не разгаданной до конца тайной великой евразийской духовности для учёных-культурологов Старого и Нового Света. Как и до сего дня непонятным за много столетий для просвещенной и цивилизованной Европы остаётся феномен покорителя Мира, создателя «империи от моря и до моря» Чингисхана, чей путь начинался на родине Абая в горах Чингизтау.

Кровь от крови, плоть от плоти, великая духовность, порождённая великой духовностью Абая, Шакарим Кудайбердиев стал не только истинным воплощением и продолжением творческого и религиозно-этического гения Абая Кунанбаева, но и верным, последовательнейшим учеником Льва Толстого.

Появившись на свет, как и его великий предшественник Абай, в чудесном уголке Евразийской степи, в самом её сердце – Чингизтау, за тысячи километров от Среднерусской возвышенности – Родины Толстого, Шакарим невероятным образом смог объединить в себе мудрость великих степей с широтой души российских просторов.

Рождённый в среде национального суннитского ислама казахом, Шакарим своей непостижимой пронизательностью истинного философа, воспитанного Абаем на трудах непревзойдённых арабских и персидских мудрецов, сумел распознать и объединить в своих духовно-нравственных взглядах непреходящую божественную му-



дрость всех «людей писания» и последователей «истинных пророков Запада и Востока».

В отличие от многих любознательных теоретиков «царствия Божьего на земле», Шакарим, по примеру избранного им учителя Льва Толстого, нравственностью, справедливостью, праведностью и жертвенностью своей жизни и смерти дал личный пример и ориентир всем людям не только в казахской степи, но и далеко за её пределами.

То же непреодолимое стремление к воплощению в жизнь идей «русского учителя», желание на практике опробовать его советы и подходы к самосовершенствованию личности, желание быть причастными к мировому добру и общечеловеческой любви, потребность «открыть царство божие внутри нас» – все это привело к тому, что люди стали объединяться, создавать коммуны и фермы, получившие название толстовских общин. В десятках городов по всему свету создавались толстовские кружки и вегетарианские общества.

Толстовство. Сообщества, более разнородного по своей возрастной, национальной, религиозной, социальной и государственной принадлежности, уровню образования и материального достатка, месту рождения и проживания, мир до того времени не знал.

Несмотря на огромную разницу во взглядах и целях, тысячи людей во всём мире вставали на путь толстовства и шли по нему, какое-то время или до конца жизни, и, изменяясь сами, изменяли этот мир.

Создание международного музейного центра под открытым небом в Чингизтау, на родине Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева, верного ученика и последователя Льва Толстого – музея, состоящего из многих национальных экспозиций, рассказывающих об истории возникновения и развития толстовского движения в Европе, России, Казахстане, Индии, Китае, Японии, Австралии, обеих Америках и Африке – станет важнейшим, необходимым

продолжением и дополнением экспозиций, существующих в российских и зарубежных музеях Л.Н.Толстого и посвященных его жизни и творчеству.

Создание полноценной, полномасштабной экспозиции, достойной по исполнению этой важнейшей в современной истории темы, возможно только в тесном научном и творческом сотрудничестве международных музейных, образовательных, духовных и культурно-просветительских организаций, связанных с именем Л.Н.Толстого и его последователей. Международное музейное сотрудничество, научные исследования, работа над совместными проектами позволят всем сторонам, принимающим в них участие, многократно расширить своё понимание международного толстовского движения, его значения для мировой культуры и донести это понимание до несравнимо большего числа как заинтересованных, так и до поры совершенно далёких от этой темы людей.

Развитие и расширение исследований, посвящённых истории всемирного толстовского движения, до уровня полноценного музея сделает его важнейшей и неотъемлемой частью международного научного толстоведения и культурологии. Музей, посвящённый многолетнему творческому пути Льва Толстого – литератора и Льва Толстого – философа, его предшественникам, ученикам и последователям, а также их влиянию на общемировую историю и культуру, созданный при непосредственном участии стран, в которых толстовское движение существовало, способен стать не только одним из самых посещаемых музеев Казахстана, но и ведущим международным центром по изучению творческого наследия Льва Толстого, Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева.

В связи с приближающимся 200-летним юбилеем Л.Н.Толстого, через уже существующий интерес к его жизни и творчеству, привлечь внимание научного мира к изучению и пониманию философского, литературного и поэтического наследия основа-

# ДВИЖЕНИЯ ИМЕНИ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА КА-МУЗЕЯ АБАЯ В ЧИНГИЗТАУ



теля казахской письменной культуры Абая Кунанбаева, его духовного последователя и продолжателя Шакарима Кудайбердиева и мест, с ними связанных.

Привлечь к работе над созданием Музея истории всемирного толстовского движения ведущие ВУЗы России, Казахстана и других стран. Создать на базе Государственного университета имени Шакарима города Семей Научно-исследовательский центр по изучению всемирного толстовского движения, международных и национальных движений, отрицающих насилие в межличностных, межнациональных и межгосударственных отношениях.

Собрав, обобщив, дополнив и систематизировав проводившиеся ранее исследования истории мирового толстовского движения, создать проект масштабной музейной экспозиции по этой теме.

Через совместную с иностранными коллегами работу над международным проектом, связанным с мировым толстовским движением, достигнуть общего понимания приоритетов общемировой культуры над сиюминутными политическими интересами и амбициями.

Создать в Чингизтау, на родине Абая и Шакарима, международную добровольческую толстовскую общину.

На исторических и личных примерах возрождать у людей, а главное – у молодежи, стремление к непреходящим общечеловеческим ценностям: самопознанию, самосовершенствованию, любви к ближнему, готовности к затратам труда и времени для достижения высоких духовных целей.

Воспитание у подрастающего поколения Казахстана и России гордости за своих великих соотечественников и осознания их роли в мировой истории и культуре.

Популяризация творческого литературного и философского наследия Абая, Шакарима, Льва Толстого и связанных с ними мест. Увеличение внутреннего казахстанского и международного туристического потока в Заповедник-музей Абая в Чингизтау

и создание необходимой для этого инфраструктуры.

На сегодняшний день наиболее полной информацией по истории мирового толстовского движения обладают Музей-усадьба Л.Н.Толстого «Ясная Поляна» и Государственный музей Л.Н.Толстого. Следовательно, в первую очередь для реализации проекта необходимо создание международной рабочей группы, куда войдут сотрудники этих музеев с целью:

- разработки, совместно с казахстанскими коллегами, концепции экспозиции по истории мирового толстовского движения;
- сбора, анализа и обобщения имеющихся на сегодняшний день научных исследований и публикаций по истории национальных толстовских движений, а также по их организаторам и участникам;
- установления международных связей с организациями и отдельными исследователями, занимающимися историей толстовского движения у себя на родине, обладающими информацией или историческими материалами по этой теме;
- привлечения отечественных и зарубежных музейных и других организаций для совместной работы над проектом;
- разработки и получения националь-

ных и международных грантов на создание музейной экспозиции.

Создание международной рабочей группы для разработки общей концепции Музея истории всемирного толстовского движения.

Поиск международных партнёров, способных и готовых к сотрудничеству и партнёрству в создании экспозиции по истории толстовского движения в их стране, как части общей музейной экспозиции, и привлечение их к совместной работе.

Разработка и согласование с партнёрами перспективного плана экспонирования.

Позапный анализ результатов работ по созданию музея, мониторинг интереса к будущей международной экспозиции Музея истории всемирного толстовского движения.

Поиск и привлечение к участию в финансировании проекта Музея истории всемирного толстовского движения имени Шакарима Кудайбердиева государственных и частных инвесторов и благотворителей.


**Геннадий ОПАРИН**  
заведующий отделом  
«Пироговские имена  
графов Толстых»



Қазақтан мендей ұл туса,  
Осындай түзу жол қуса,  
Хақиқат іздеп бел буса  
Ол да бір жақсы ырым-ды

**ШӘКӘРІМ**

Әбдуәлиұлы Шәукен  
(Оразғали) Бақашов  
(1904-1977)  
Шәкәрім қажының суретін  
30 жылға тақау сақтап  
қалып, үлкен ерлік жасаған.



Талиға Бекхожина (1919-1995) -  
музыкатанушы, музыка фольклоршысы, әнші  
Талиға Бекхожина  
Шәкәрім әндерін жинап құрастырушы.

Қабыш Кәрімқұлұлы (1907-  
1970) – әнші, өнерпаз.  
Шәкәрім әндерін орындау-  
шы. Қабыш Шәкәрім жатқан  
құрқұдықты 30 жыл бойы  
күзетіп халқына табыстап,  
қазақ өнері тарихына зор  
үлес қосты.



## ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

1. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Абайдың туған ағасы. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді.
2. Шәкәрімнің шын есімі «Шаһкәрім».
3. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін тәлім алады. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді.
4. Шәкәрім 20 жасында болыс болады.
5. Домбыра тартып, гармоньда ойнаған. Ән айтып, саятшылық құрған, сурет салып, өмірін ғылымнан өзге осындай өнер түрлеріне арнаған. Өзі ән айтумен қатар 14 жасынан бастап ән шығара бастады, түрлі аспаптарда ойнауы былай тұрсын, ағаштан ойып мандалин, қобыз сынды аспаптарды жасады, қолданбалы өнермен шұғылданған, киім де тіккен.
6. Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деген әні А.В. Затаевичтің 1931 жылы жарық көрген «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағында «Шәкәрім Құдайбердин әні» деген атпен жарияланған.
7. Шәкәрімнің әндерін өзінен үйренгендердің ішінен көпке танымал әнші Қабыш Керімқұлов болса керек. Шәкәрім әндерінің бірден-бір насихатшысы, жанашыр іздеушісі әрі орындаушысы әнші Келденбай Ұлмесекөв болды. Ол ел ішінде ұмыт болып бара жатқан ақынның біраз әндерін жинастырып, жарыққа шығарды, қазақ радиосының Алтын қорына жазғызды.
8. Бүгінде Шәкәрім қажы атындағы университетте Шәкәрім жоғары колледжі, «Үш анық» конференц-залы, «Шәкәрім жастары» интеллектуалды орталығы жұмыс істейді. 2008 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған ескерткіш қойылды.
9. Тұңғыш рет «Шәкәрім және өнер» ән байқауы өтті.
10. Тұңғыш рет Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына арналған көпфункционалды Web сайт жасақталды: [www.shakarim.kz](http://www.shakarim.kz).
11. Қара шаңырағымызда дәстүрлі «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» өткізіледі.



М.Мағауиннің құрастыруымен  
1978 жылы Ленинградта  
жарық көрген  
“Поэты Казахстана”  
жинағына Шәкәрім ақынның  
алғаш рет орыс тіліне  
аударылған он төрт өлеңі  
енгізіліп, өмірбаяндық дерек-  
тер берілді.

Бейсембай Кенжебаев  
(1904-1987) әдебиетші, ғалым.  
1935 жылы А.С.Пушкиннің  
таңдамалы шығармалар  
жинағына Шәкәрімнің  
аудармасын енгізеді.



Альвин Бимбоэс Эрнестович (1878-1942) -  
экономист-ғалым, социолог, журналист, қазақ  
халқының музыкалық шығармаларын жинастыру-  
шы. Шәкәрім әндерін тұңғыш нотаға түсіруші. Оның  
«Музыкалық этнография» атты жинағының ішінде  
«№ 1 Шакарим», «№ 2 Шакарим» деген атпен  
Шәкәрімнің екі әні жарық көреді.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ТУРАЛЫ ТҮРКИЯДА ШЫҚҚАН ЕҢБЕКТЕР ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ЖАЙЫНДА КЕЙБІР ОЙ-ПІКІРЛЕР



Шәкәрім Құдайбердіұлы Қазақ халқы үшін емес барлық Түркі жұрты үшін де өте маңызды бір жеке тұлға, ірі бір тарихи тұлға. Оның жалпы түркі әдебиеті ішіндегі орны өте бөлек. Шәкәрім өмірі бойынша ақын, ойшыл, композитор және аудармашы ретінде еңбек еткен. Ол барлық өмірін елім, жұртым деп жұмсаған бір мінездің иесі. Оны Абайдың ең жақын ізбасары десек те болады.

Шәкәрім қазақ әдебиеті және мәдениетін дүниежүзі халықтарына танытуды ойлады. Шығыстың классикалық поэзиясы мен жақсы таныс болды. Батыстың танымал философы Шопенгауэрдың пессимистік пікірлерін, әсіресе дүние туралы кейбір сөздерін сынайды, Шәкәрім былай дейді: «Шопенгауэрдың «Дүние тозақ, дүниеде дұрыс өмір сүруге болмайды деген» ой-пікірі дұрыс емес. Дүние тозақ емес пейіш. Пейішті тозақ жасаған адам баласының зорлығы, өзімілдік күш қарауы, қасқырлығы. Егер адам бір-біріне зорлық-зомбылық, қиянат жасамай барлық адам бір бауырдай болып өнер білімімен, таза еңбекпен табиғаттың байлығынан пайдаланып алса Дүние пейіш болар еді, оған сөз жоқ», – дейді.

Енді Түркияда Шәкәрім Құдайбердіұлы жайында шыққан еңбектер туралы да айтатын болсақ:

2005 жылы «Modern Turkluk Araştırmaları – яғни Қазіргі түркілік зерттеулер» атты ғылыми журналда, Фәриде Бақтыбайқызы Сахипованың «Kazak Aydını Şekerim Kудайberdiulı: Hayatı ve Eserleri (1858-1931) / «Қазақ зиялысы Шәкәрім Құдайбердіұлы: өмірі және шығармалары» тақырыбында мақаласы шықты.

Бұл мақаланың кіріспесінде қазақ халқының тарихы туралы мәлімдемелер беріледі. Ұзақ жылдар бойы тәуелсіздік және бостандық әрекеттері менен сол әрекеттердің көшбасшыларының зерттелуіне тыйым салынғаны, сол тақырыптағы зерттеулерге тек қана тәуелсіздік алғаннан кейін басталғаны және «Ақтаңдақтар кезеңі» деп те айтылған 1930 жылдардағы зорлықтарға қарсы болған ұлт зиялыларының айыпталуы

туралы сөздер осы мақалада айтылады. Ал басқа бөлімдерде Шәкәрімнің өмірі және шығармалары туралы мәлімдемелер сөз болады.

Сол мақалада Шәкәрімнің шығармаларынан «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», «Үш анық» және «Мұсылмандық шарты» кітаптары менен түрлі өлеңдері және аудармалары туралы да мәліметтер беріледі.

2010 жылы «Turkish Studies» атындағы журналда, Дамира Ібрагимнің «Klasik Kazak Şairi Şakarim (Şahkerim) Kудайberdiulı'nın Hayatı ve Aşk Konulu Şiirleri – яғни «классик қазақ ақыны Шәкәрім (Шаһкерім) Құдайбердіұлының өмір және махаббат тақырыбындағы өлеңдері» атындағы мақаласы шықты.

Мақала Шәкәрімнің өмірі туралы мағлұматтарменен басталады. Өмірінен кейін Шәкәрімнің махаббат тақырыбындағы өлеңдері және махаббаттың түрлері туралы сөздер айтылады.

Дамира Шәкәрімнің өлеңдеріндегі махаббатты, «Адами» және «Құдайы» деп екі бөлімде қолға алады. Адами махаббат туралы «Шын сырым» өлеңін көрсетеді. Ал Құдайы махаббат туралы өлеңдері жалпылама Шәкәрімнің қырық жасынан кейін жазған өлеңдерінде кездеседі.

Бұлар; «Қырықтан соңғы сөзімді, Сынап тағы өзімді», «Қырықтан аса бергенде, Ақылым қалды шерменде», «Жас қырыққа келген соң, Бір ой түсті жаңадан», «Таза ой ойлай алмас үйде басым», «Алтындай қызыл арақтың», «Анық асық әулие», «Жетпіс жасымда жазғаным», «Жас алпыстан асқан соң», «Атадан қалған ақ сауыт», «Арақ ақыл, мастық ой», «Ей, жарымыз, ай нұры», «Шын құмар шымырлатпай қоймас сіре» сияқты өлеңдер туралы да сөздер айтады.

Мақалада бұдан басқа Шәкәрімнің 1891 жылы жазылған «Еңлік-Кебек», 1929 жылы жазылған «Нартайлақ-Айсұлу» және «Қалқаман-Мамыр» атты жыр-дастандар туралы да мағлұматтар беріледі. Бұлардан басқа мақалада Шәкәрімнің Пушкиннен аударған «Дубровский әңгімесі» және шығыс классиктерінен «Ләйлі-Мәжнүн» жыр дастандары туралы да мағлұматтар беріледі.

Дамира Ібрагимнің мақаласында Шәкәрім ой, пікір және махаббат ақыны ретінде көрсетіледі. Шәкәрімнің өлеңдеріндегі адами махаббат, Құдайы махаббатқа созылған бір алтын көпір ретінде көрсетіледі.

Дамира Ібрагимнің тағы да басқа бір мақаласы «Kazak Şair Şahkerim (Şakarim) Kудайberdiulı'nın Şiirlerinde Sevgili / яғни, «Қазақ ақыны Шаһ-Кәрім (Шәкәрім) Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі сүйікті тақырыбы» 2013 жылы жарияланды.

«Turk Duniyası Çağdaş Edebiyatları El Kitabı – яғни, «Қазіргі түркі дүниесі әдебиеттері мазмұнды кітабы» атындағы еңбекте «XX ғасыр қазақ әдебиеті» бөліміндегі Шәкәрім Құдайбердіұлы бабы Нергіс Бирай тарапынан жазылған.



Түркияда шыққан «Қазақ әдебиеті» атындағы екі томдық кітаптың бірінші томындағы «XX ғасырдың алғашқы кезеңі» бөліміндегі Шәкәрім Құдайбердіұлы бабы да Кенан Қоч, Алмагүл Ішіна және Болат Қорғанбеков тарапынан жазылған.

Түркияда Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы осы күнге дейін шыққан ең ауқымды кітап Ерлан Сыдықовтың «Şakarim» кітабы болды. Осы кітапты Түркияда шыққан басқа еңбектер мен салыстыруға болмайды. Е.Сыдықовтың кітабы Түркияда 2014-нші жылы жарияланған. Сол кітап қазақ тілінен түрік тіліне бір аударма ретінде шықты. Сондықтан мен сол кітап туралы көп әңгіме айтпаймын, өйткені сіздер сол кітапты менен де жақсы білесіздер. Бірақ бөлімдерінің тақырыптары туралы айтатын болсам, кітап 6 бөлімнен құралған. Бірінші бөлім: Şingstav; Kaynaklar ve Doruklar; екінші бөлім: Uc Durum Yasası ve Manevi Gezinti; үшінші бөлім: Sezgiler ve Onseziler; төртінші бөлім: Gidiş ve İnziva Hayat; бесінші бөлім: Vicdan Bilimi және алтыншы бөлім: Unutulmuşluğun İşığı. Секілді аталған. Кітапта сол алты бөлімнен басқа «Соңғы сөз, түйіндеме, Шәкәрімнің өмірі және өнеріндегі маңызды тарихи мағлұматтар» бөлімшелері де бар.

Шәкәрім сияқты кемеңгер данышпандар және олардың шығармаларының құнын Түркияда болсын, тағы да басқа Түркі жұрттары да болсын білу керек. Құнын білу деген сөз, сол салада терең жұмыстар атқарып, Шәкәрімнен қалған мұраларды кейінгі ұрпақтарға аман-есен қалдыру және түсіндіру деген сөз.

**Хүсейін МҰТЛҰ**  
Түркия Республикасы,  
Афион қаласы,  
Қожатепе университетінің  
профессоры

# ШӘКӘРІМ СЫНАҒАН ПӘНШІЛДІК



Пәншілдік қазақтың философиялық лексикасына Шәкәрім шығармалары арқылы енген түсінік. Ойшылдың пән және пәншілдік дегені затшыл ғылым жайы. Пәннің синонимі **затшыл ғылым**. Шәкәрім сынаған пәншілдікті түсіндіруде оның сипатын білдіретін затшыл ғылым түсінігін қолданамыз. Пәншілдік дүниені тануда қалыптасқан қағида болса, затшыл ғылым оның сипаты.

Шәкәрімде пән түсінігіне қатысты келесідей өлең жолдарын кездестіреміз:

*“Пәнші мен дінші тыңдамас,  
Жиреніп мұны ұнамас.  
Өйткені олар бір езу,  
Әдетін тастап шыдамас”*  
Немес;

*“Пән мен дін деп қор болар,  
Ойында өзі зор болар.  
Ноқтадан басын ала алмас,  
Жетекші айуан сол болар”.*

Келесі, «Күн аязда терезеге» өлеңінде: *“Шала дін мен қате пәннің, соңына ерме шынға ер”* десе, *“Қасыңа қылыш қайратқан”* өлеңінде: *“Ойы кем, сөзге шешендер. Денешіл, пәншіл кеселдер”* – дейді. Осында *“Пән айтты ғой деп сенбе”* – деген ойлар айтқан.

Ал мына бір өлең жолдарында: *“Жан жолдан қосылды деп пән де, дін де, ақылды байлап қойған соған мүлде”* деп оның адасқанын айтса, *“Тура жолда қайғы тұрмас”* өлеңінде: *“Шынды таптым, қайғы басты. Шын сырымды айтайын. Дін де, пән де қатты адасты, дау сабасты барқырап”* – дейді.

Сонымен «пән» деп Шәкәрім нені айтқан? Нәліктен оны сынға алған? Біз осы сұрақтарға жауап іздейміз.

Шәкәрім үшін пәншілдік ол – ғылымда затшыл (материялық) болу. Кеңес заманындағы философиялық түсінікке салсақ – материализм.

Шәкәрім пәншілдікті оң қабылдамаған, керісінше, оның **олқылығын жазып сынаған**.

Шәкәрім “Үш анықта” түпкі жаратушыны іздеуде екі жолдың қалыптасқанын айтқан. Оның бірі – түп жаратушы бар деген **пайғамбарлар** болса, екіншісі – түпкі жаратушы жоқ, дүние өз бетінше жаралып, өніп жатыр дейтін **затшыл ғылым, пәншілдік**.

Шәкәрімнің айтып отырғаны дүниенің түп негізінде жатқан алғашқы бастама – субстанцияны табуға тырысқан көне грек ойшылдарың философиялық ізденісі. Бұл ізденістер жаратылыстану ғылымының қалыптасуына алғышарт болған. Бірақ сол шеңберден шыға алмаған. Себебі олардың тапқан бастамасы (грек философиясында субстанция деп аталады) материалды әлем элементтерімен шектеліп, одан аса алмаған. Бұны көне заман ойшылдарының кемшілігі деп те айтуға болмас. Өйткені жаратылыстану ғылымының зерттеу нысанының өзі зат. Шәкәрім атамыз бұлар ізденістерің теріске шығаруды мақсат етпеген, бірақ олардың жауабына қанағаттанбаған.

**Заттар өлемінен тыс ақиқат жоқ, қолмен ұстап, көзге көрінетін нәрсе ғана бар дейтін танымды Шәкәрім «пән», ал оны ұстанушыларды «пәншілер»** деген.

Жоғарыда Шәкәрім дүниенің субстанциясын су, от, ауамен байланыстырған көне заман ойшылдары Фалес, Анаксимен және Гераклиттің жаратылыстанымдық көзқарастары жайында айтып отыр.

Шәкәрім пәншілдік жайын сөз етпес бұрын үлкен ізденістер жасаған. Дүниенің негізін іздеген әртүрлі ғылыми болжамдарды танып білген. Философтардың пікірлерін қорытып, ой жарыстырған. Шәкәрімді толғандырған басты сұрақ **заттық әлемнің құрылымы емес, оның неден жаралғаны**.

Шәкәрімнің ойынша, затшыл ғылым жан туралы мәселеде қателескен. Әсіресе, олардың жан атомдар өзгерісінен шыққан сипат деген пайымы Шәкәрім түсінігіне қайшы. Ол жанды рухтық сипатта емес заттық, атомдардан құралған сипат деген атомистер іліміне қанағаттанбаған. Эпикур мен Демокрит түсінігінше жан атомдардан құралғандықтан тіршілік иесі өлгенде ыдырап кетеді. Яғни, жан өз бетінше өмір сүрмейді. Шәкәрім болса, жанды заттар өлемінен шектеп қоюды адасушылық санады.

Сонымен Шәкәрім екі мәселедегі пәншілдіктің басты кемшілігін айтқан. Ол **жаратушы мен жанды тануда** пәншілердің заттар өлемінен шектелуі. *Пәнді Шәкәрімнің сынға алу себептері; біріншіден, олардың жаратушыны жоқ деп тануы, екіншіден, жанды жолдан қосылды деу және оның денелерді жаратуғағы рөлін түсінбеу.* Бұған **жанның қабілеттері мен тілеуіне, азығына сенбеу** де кіреді.

Әрі қарай *“Жоғарыдағы айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылаың деп біліп жаратқан ие жоқ деген жол әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе 17-18-19 жүз жылдардың аяқ шеніне шейін Европа ішінде көбірек жайылды”* – деп Шәкәрім затшыл ғылымның дәлелдерінің күштірек дегендерінен төмендегідей мысалдар келтіреді.

Кеңес дәуіріндегі біздің санамызды билеген Маркстік ілімдер де, заттар өлемін ғана ақиқат деп тануға шақырған позитивизм де, Дарвиннің эволюциялық теориясы да осы **пәншілдік** қағидаларына сүйенген. Бірақ адам

болмысын тек затшыл ғылыммен тани аламыз ба, адам болмысының өзі метафизикалық (мета-тыс, физика – табиғат, зат) мазмұнға ие емес пе деген сұрақ туады. Бұл Шәкәрімді де толғандырған.

Шәкәрім түп жаратушы мен жанды тануда «сау ақыл» керек, дұрысы дүниені «ноқтасыз, сау ақылмен тану» деген. **Сау ақыл әдетке, алған білімге, идеологияға, субъективті көзқарасқа, сыңарезулікке бой алдырмайтын – сана.** Сау ақыл үшін затшыл ғылымға, не болмаса соқыр сенімге арқа сүйеу жат.

“Көрініске шоқынған, көр сопы бізді не қылсын” дейді Шәкәрім. Түп Иесін тануда көрініс қуып, көктен, жерден жазу көріп, жаратушының бар екенің дәлелі осы деп түсіну Шәкәрімге тән емес. Ол көрініске шоқынған дегенде, жаратушының заттық келбетін іздеп жүргендерді айтқан.

Шәкәрім *“қиянатсыз надандарды әулиедең кем емес”* деу арқылы адамшылықтың ең алдымен білім арқылы емес, қиянатсыздық арқылы қалыптасатынын айтып, қиянатсыздықты білімнен жоғары қойған.

Адам баласы зиянкес, қиянатшыл. Білім ардың алдына түсіп кетсе адамшылыққа қызмет етуі екі талай. **Пәншілдік – ардың алдына түсіп кеткен білім жүйесі.**

Ар білімнің алдында тұрса, білімді адамзат игілігі үшін қызмет еткізуге болады. Әр адам қиянатсыз болуға тырысса, зиянсыз экономика, зиянсыз білім, зиянсыз саясат, зиянсыз ғылым, зиянсыз дін, зиянсыз ой, зиянсыз қатынас адамзатты таза ауаға алып шығар еді. *«Қиятантың бар болса иманың жоқ»* деген Шәкәрім. Тұтқан дінің үшін де жаратушы алдында есеп бересің. Қиянатсыз ой ойлау, қиянатсыз сөз сөйлеу, қиянатсыз әрекет ету адамды жарыққа, тазалыққа бастайды.

Әлихан Бөкейханның *«Білімнен мақсат шықпайды. Әзәзіл ұжмақтан надандықпен шыққан жоқ. ...Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден... Білім білімнен, мінез – мінезбен»* деген сөзі бар. Біріншіден, Әлихан мінез деп атаның сүйегі, ананың сүтімен сіңген қасиетті, тәрбиені, елге, жерге деген сүйіспеншілікті айтып отыр. Екіншіден, білімнің табиғатына күнәнің тән екені туралы ой қозғайды. Адамзат баласының жұмақтан қуылуына білім ағашының жемісін жеуі себеп. Парадокс.

Арлы ақыл, ар білімі деу арқылы Шәкәрім үнемі арды алға қойып отырған. Арсыз білім, арсыз ақыл адамзатты адастырмақ. Шәкәрімнің «пәншілдік» орнына «ар түзейтін ғылым қажет» дегендегі басты ойын, **пәншілдік** тұрасындағы идеяларын осылай түсіну қажет. Сыртқы дүниені танып, оны адамзат игілігіне қызмет еткізу үшін затшыл ғылымның өз орны бөлек болғанмен, жанды, Жаратушыны тануда оның сол шектеулі шеңберден шыға алмайтынын түсінген жөн. Шәкәрімнің де айтпақ ойы осы.

**Бақытжан РАҚЫМЖАНОВ**  
Философия ғылымдарының  
кандидаты, доцент  
(Нұр-Сұлтан қаласы)



**Құрылтайшысы:**  
«Семей қаласының  
Шәкәрім атындағы  
университеті»  
КеАҚ

Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрлігінің  
Ақпарат комитеті  
берген тіркеу куәлігі  
№ 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ  
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ  
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

semgu\_2020@bk.ru

http://shakarim.edu.kz/

@shakarim\_university\_

Білім алушы жастарға арналған  
ақпараттық-танымдық басылым  
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
университеті» КеАҚ медиа орталықта  
басылып шығарылды.  
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:  
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а